

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

30 август

Сенбі

жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

Бесжылдық жоспарда қойылған міндеттер партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына зор талаптар қояды және оларға еңбекшілердің қалың бұқарасын жаңа бесжылдық жоспарды орындауға және асыра орындауға жұмылдыруды, біздің ұйымдарымыздың жұмысындағы кемшіліктерді тезінен жою мақсатымен, бұл кемшіліктерді кеңіне сынауды ұйымдастырып отыруды міндеттейді.

(БК(б)П-ның бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларынан).

Жүйесіндегі

насихатшыларды даяр-
тпейді. Насихатшылар-
лығы жоғарыда аталған
жоқ. Сондықтан сентя-
ауданда насихатшылар-
де тиіс. Аудандық пар-
ул семинарларға күн-
идеялық жоғары дәре-
ардың толық қатысуы.

Семинарда лекция
асайтын жолдастар мұ-
насихатшыларға партия
иялық және методика-
жүйелі білім беретін

бұл семинарларда наси-
ния оқуын ұйымдастыру
рі кеңінен талқылануға
ардың семинары неғұр-
пен, идеялық жоғары
тия оқуы жүйесіндегі
ң солғұрлым ойдағыдай
дың саналы өтетіні
басталғаннан кейін де
турақты семинарларын
мен саяси мектептердің
рай, мұқият өткізетін

лары насихатшылар-
і көмек көрсетуге тиіс.
атының жақсы тәкри-

Облысымыздың еңбекшілері партияның XIX съезіне лайықты тартулар әзірлеуде

Ай сайын 100.000 сом

Барлық совет халықтары сияқты біздің кәсіпшілік артелінің мүшелері де партияның XIX съезін шақыру туралы хабарын аса зор қуанышпен қарсы алды.

«1 май» кәсіпшілік артелі жанындағы бастауыш партия ұйымы ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары туралы директивамен және БК(б)П-ның өзгертілген Уставының жобасымен коллектив мүшелерін таныстырды. Съездің тарихи документтерімен таныса келе жұмысшылар мен қызметшілер социалистік жарыста ұлғайтылған жаңа міндеттемелер алып, еңбек өнімділігін арттыра түсу жөнінде стахановтық вахтаға тұрды.

«1 май» кәсіпшілік артелінің коллективі 8 айдың өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап, август және сентябрь айларында ай сайын жоспардан тыс 100 мың сомдық өнімін беруді ұйғарды. Бұл — қалтқысыз жүзеге асырылатын міндеттеме.

А. ПОЛЯВА,

Артель председателінің ұйымдастыру-
бұқаралық жұмыс жөніндегі
орынбасары.



ССРО Дайындау Министрінің Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілі және совхоздар тресінің ұсынуы бойынша астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындаған мына совхоздар облыстық Құрмет тақтасына жазылды:

КІРГОВ атындағы совхоз — директоры Дьяченко жолдас, партия ұйымының секретары Закирченко жолдас.

ҚЫЯЛЫ совхозы — директоры Соломин жолдас, партия ұйымының секретары Атаманенко жолдас.

ШАҒЛЫ совхозы — директоры Ильин жолдас, партия ұйымының секретары Прихненко жолдас.

БУДЕННЫЙ атындағы совхоз — директоры Сущенков жолдас, партия ұйымының секретары Чернигин жолдас.

Астық үшін күрес

Социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, «Победа» ауыл шаруашылық ар-
телінің (Октябрь ауданы) мүшелері егі
жыйнау мен астық дайындауда жоғары
көрсеткіштерге жетіп жүр. Олар БК(б)П
ның XIX съезі құрметіне еңбек вахтасын
тұрып, жұмыстың сапасын жақсартып
қарқынын арттыра түсті.

Мәселен, Лешкин Ермолай жолдас бұ-
рын өз комбайнымен бір сменада 12 гек-
тар жердің гана егінін орса, вахта күнді
рінде ол 25 гектар жердің егінін жыйнап
күндік норманы екі есе артығымен оры-
ндауға жетісті.

Т. Коленчик, Е. Жумейко және Е. Хар-
ченко сияқты егіншілер комбайн бункері-
нен қырмандарға астық тасуда күн сайын
480 пұттан астық тасып, сменалық тап-
сырмаларын артығымен орындап жүр.

Астық тазалау да қызу қарқымен жү-
ргізілуде. Осының арқасында колхоз астық
тапсыруға күн сайын қатысып, астық да-
йындау графигін үнемі орындап келеді.
Жұмыстың бұл участегінде Е. Никитина,
Т. Матюшенко, Марьенко және Е. Кувен-
ко сияқты егіншілер стахановтық еңбек-
тің үлгісін көрсетіп жүр. Олар бір күн-
ішінде 450 центнер астық тазартып, қа-

митетінің жанындағы бір айлық күресті 84 насихатшы бітіріп шықты. Сондай-ақ, КК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы күрестерде аудандық партия комитетінің штаттағы және штаттан тыс насихатшыларынан, тұрақты семинарлардың, тарихи және диалектикалық материализмді үйренетін үйірмелердің жетекшілерінен 24 адам оқыды және оқын жүр.

Монгол Халық Республикасының Премьер-Министрі Ю. Цеденбалдың Москваға келуі

28 августа Москваға Монгол Халық Республикасының Премьер-Министрі Ю. Цеденбал келді. Онымен бірге Монгол Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Ж. Самбу келді.

Орталық аэродромда келген қонақтарды ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян, ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский, Сыртқы Сауда Министрі П. Н. Кумыкин, ССРО-ның Монгол Халық Республикасындағы елшісі Г. И. Иванников, Москва Советінің Председателі М. А. Яснов, генерал-полковник М. С. Малинин, Москва қаласының коменданты генерал-лейтенант К. Р. Синилов, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Коллегиясының мүшесі Н. Т. Федоренко, Сыртқы Сауда Министрінің Шығыс Басқармасының бастығы М. И. Сладковский, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Протокол бөлімінің меңгерушісі А. Г. Булаженков қарсы алды.

Келгендерді Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энь-лай, Халық-революциялық саяси Советінің Бас Штабы бастығының Орынбасары Су Юй, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің ССРО және Шығыс Еуропа елдері бөлімінің Бастығы Сюй И-синь, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Азия бөлімінің Бастығы Чань Цзя-кан, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің ССРО және Шығыс Еуропа елдері бөлімі секторының бастығы Ма Ле қарсы алды.

тіп, саяси мектептер мен үйірмелерде сабақтың идеялық жоғарғы дәрежеде берілуін қамтамасыз етулері керек.

Насихатшылар партия оқуындағы негізгі тұлға екенін әрқашан есте ұстап, олармен жұмысты мейлінше жақсарту—партия ұйымдарының маңызды міндеті.

Келгендерді, сонымен бірге, Төтенше және Полномочилі елші Н. Идамжаб бастаған Монгол Халық Республикасының ССРО-дағы елшілігінің дипломатиялық құрамы, Болгар Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі С. Благоева, Венгер Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі А. Складан, Қытай Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі Чжан Вань-тянь, Корея Халық-Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі Нгуан Лонг Банг, Румын Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі елшісі М. Дая, Герман Демократиялық Республикасының дипломатиялық миссиясының басшысы Р. Аппельт, Албан Халық Республикасының Төтенше елшісі және Полномочилі министрі В. Натанали, Польша Халық Республикасының уақытша елшісі Л. Поториес, Чехословак Республикасының уақытша елшісі Д. Ечны қарсы алды.

Делегацияны қарсы алу кезінде құрметті қарауыл қойылып, Монгол Халық Республикасы мен ССРО-ның Мемлекеттік Гимндері ойналды.

Аэродром монгол және совет жалауларымен безендірілді.

Шекарада Премьер-Министрі ССРО Сыртқы Істер Министрінің жауапты қызметкері М. Л. Мухин қарсы алып, Москваға дейін ертіп келді.

(СОТА).

жұмысының технологиясын едәуір жетілдірді. Ол электр қуатымен жұмыс істейтін, металл балқытатын аппараттың өнімділігін арттырды. Соның нәтижесінде ай-сайын 2 цистерна жасау орнына — 8, кейде 9 цистерна жасап, өндірістік тапсырмасын 300 проценттен асыра орындап жүр. Бұл — таңдаулы стахановшының XIX партия съезіне арнаған өндірістік тартуы.

Ғ. ҮСЕНОВ.

Қой қырқуды үлгілі өткізіп, жүн дайындауды арттырайық

Халық шаруашылығын онан әрі өркендету беруде, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуде мал шаруашылығы өнімдерінің, әсіресе, қой жүнінің зор маңызы бар. Осыған байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «1951—1955 жылдары жүн дайындауды арттыру және қой шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар туралы» қаулысында республикамыздың барлық партия, совет ұйымдарының алдына қой шаруашылығын тез өркендетумен бірге, оның жүн өнімін дайындауды арттыру, сойтіп, мемлекетке сапалы жүнді көп тапсыру жөнінде аса күрделі міндеттер қойды.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары қой шаруашылығын өркендетуде және оның жүн өнімін арттыруда күрделі табыстарға жетуді. Мәселен, Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоздың шопандары быйыл қойдың бүтін негізінен жақсартпа және көктемгі қой қырқуды үлгілі өткізе отырып, әрбір қойдан орта есеппен 2,5 килограмнан жүн алды. Осы сияқты, жүн дайындау Көнөхов ауданындағы «Ленинский путь» және Полудень ауданындағы Тельман атындағы колхоздар да жақсара түсіп отыр. Көктемгі қой қырқудың өзінде ғана әрбір қойдан «Ленинский путь» колхозы 2,3, Тельман атындағы колхоз 2 килограмнан жүн алуға жетісті.

Бұл колхоздардың қай-қайсысы болсын

нің құрметіне жұмыстың бұл участегінде еңбек өнімділігін барған сайын еселеп арттыра түсіп отыр.

Солардың бірі— Қызылөсер совхозының комбайншысы комсомолец В. Шопин жолдас. Ол съезд қарсаңындағы вахтаға бірінші болып тұрды. Бұл күндері шебер комбайншы бір еменада 20—25 гектар жердің егінін орып, жүздеген центнер астық бастыруда. Ол 14 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 284

орындай денді көп табысты терге жетігімен «Сталинец күні ішінде» центнер

Оның ақы зымына, әкеліп со

Бірақ, қой қырқ

ліктерден Облыста ырысы да Бірқатар қырқуға жоқ. М

Полудень, атындағы нындағы атындағы әрқайсысы гагтары б қосу дәрежесу керек көктемгі қ олар әрбір жүн тапсы мады. Ата басшылары кемшілікте куға әзірлі келеді.

Жүн дайлыттерге м лікті парти шаруашылы ды барлық тіп, жүн д әрбір колхоз мәсізі ету жасап оты дағыдай ор қырқуға кү жүргізуге б

жүн дайындауда мұндай жоғары көрсеткіштерге қойды бүкіл жыл бойына жақсы күтімде ұстау, қой қырқуды үлгілі өткізу нәтижесінде ие болды. Бәзіргі уақытта аталған колхоздар жүн дайындаудың екінші кезеңіне—күзгі қой қырқуға тыңғылықты әзірлік жүргізіп жатыр.

Қой қырқуды үлгілі өткізіп, жүн дайындауда айтарлықтай табысқа жеткен колхоздар облысымызда аз емес. Алайда, жүн өнімін мол алудың және оны дайындаудың барысы барлық шаруашылықтарда бірдей деуге болмайды. Көптеген колхоздар жүн дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындай алмай келеді. Істің жайы әсіресе, Совет, Октябрь және Ленин аудандарында мүлдем қанағаттанғысыз. Бұл аудандарда көктемде қойдан жүн өте аз алынды, көптеген колхоздарда мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі жоспар тіпті жар тылай да орындалмады. Осының салдарынан аталған аудандарда жүн дайындау ойсыраған олқылықта. Мәселен, жүн дайындаудың жоспары күні бүгінге дейін Ленин ауданында небары 38,8, Совет ауданында —41,3 және Октябрь ауданында —41,6 процент қана орындалып отыр.

Облыс бойынша да жүн дайындаудың барысы тегісіз жағдайда болып отыр. Облыс колхоздарында жүн дайындаудың жылдық жоспары 1 июльге 45,7 процент орындалды. Мұның себебі сол—көктемгі қой қырқу колхоздардың басым көпшілігінде мейлінше, әзірліксіз жүргізілді.

СЫ

да жаңа оқу де бастайық

дер және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі» деген еңбектерді оқуға ұйғарған. Сөйтіп, ол оқудың жүйесін дұрыс игере алмаған.

Көп жерлерде консультациялық пункттердің жұмысы дұрыс ұйымдастырылмады. Олар өздігінен оқушыларға көмек көрсететін нақтылы орталық болу дәрежесінде болмады. Шың мәнісінде консультациялық пункттер өздігінен оқушылардың көп көмек алатын, қандай кітаптарды қалай оқу және түсіну керек екендігіне кеңес алатын орталығы болуға тиіс.

Облыс партия ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі—оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау болып саналады. Сондықтан саяси мектептер мен үйірмелердің үлкенді-кіші жұмыстарының барлығына жете назар аударып, сабақ өткізілетін үйлерді алдын-ала дайындау, оларды стол, орындық, шам жарығы, жазу аспаптарымен толық жабдықтау қажет.

Оқу басталар алдында қалалық және аудандық партия комитеттері жанында оқу программасының алғашқы екі-үш тақырыбын қалай өткізу жөнінде насихатшылардың семинарын өткізу жөн. Мұндай семинарлар кезекті тақырыптарға бұдан кейін де өткізіліп отырылуы керек.

Партия оқуы орындарына көмек көрсетуде большевиктік баспасөздің атқаратын ролі өте зор. Облыстық және аудандық газеттерде саяси мектептер мен үйірмелердің насихатшыларына және тыңдаушыларына көмек ретінде теориялық, сол сыяқты, методикалық мақалалар жарияланып тұруы қажет. Сонымен қатар, таңдаулы насихатшылардың және тыңдаушылардың тәжірибелері жазылуға тиіс.

Қалалық және аудандық партия комитеттері партия оқуы орындарында оқудың

Халықаралық шолу

АВСТРИЯҒА АРНАЛҒАН «ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ДОГОВОР» ЖОБАСЫ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ

14 августа ССРО Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ, Англия және Франция үкіметтеріне ноталар жолдады. Бұл ноталарда осы мемлекеттердің өздері жасаған Австрияға арналған «қысқартылған договор» дейтіннің жобасын талқылау жөніндегі ұсынысына Совет үкіметінің жауабы қайтарылған. Өздерінің алған міндеттемелеріне қарамастан, Австриямен мемлекеттік договор жасауға кедергі келтіруші батыс мемлекеттердің қолапайсыз айла-тәсілдерін совет нотасы тағыда әшкереледі.

ССРО Австрия мәселесінде, деп атап көрсетілген совет нотасында, АҚШ, Англия және ССРО сыртқы істер министрлерінің 1943 жылғы Москвадағы кеңесінде қабылданған Австрия туралы декларацияда, сонымен қатар 1945 жылғы Потсдам конференциясының тиісті қарарларында белгіленген принциптерді басшылыққа алады. Бұл принциптер еркін және тәуелсіз демократиялық Австрияны қалпына келтіруді көздейді. Осы принциптерге сәйкес, 1949 жылы ССРО, АҚШ, Англия және Франция сыртқы істер министрлерінің Париждағы кеңесінде Австрия туралы, саяси мәселелер жөнінде де, сондай-ақ экономикалық мәселелер жөнінде де, келісілген қаулылар қабылданған болатын. Осы қаулылардың негізінде төрт мемлекеттің өкілдері тиісті кезінде, Австриямен мемлекеттік договордың жобасы туралы кейбір статьяларды қоспағанда, жалпы келісімге келген болатын.

Келісілмеген статьяларға қатысы бар совет ұсыныстарын қоса алғанда жоғарыда көрсетілген жоба Австрияның еркін және тәуелсіз демократиялық мемлекет ретінде қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, Австрия халқының демократиялық праволары мен бостандықтарына кепілдік береді, демократиялық партиялар мен ұйымдардың еркін жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және сонымен бірге

«Қысқартылған договор» жобасының негізсіз екенін әшкерелеп, совет нотасы сонымен бірге батыс мемлекеттердің Австриямен, Австрия халқының шұғыл мүдделеріне, Европадағы бейбітшілікті нығайту ісіне жауап берерліктей мемлекеттік договор жасасудан бұлтартып отырғанын айқын көрсетті. Батыс мемлекеттердің Австрияны Атлантика блогінің соғыс-авиациялық әзірліктерінің системасына ашықтан-ашық қосуына мүмкіндік берерліктей договорды Австрияға тықпалағысы келіп отырғаны мүлде айқын.

Совет нотасы Австрия жөніндегі агрессиялық жоспарларды әшкерелеп отыр. Сонымен бұл нота халықтардың бейбітшілікті нығайту жолындағы күресіне жаңа үлес қосып отыр.

ҚАРУСЫЗДАНУҒА ҚАРСЫ ШЫҒУШЫЛАРДЫҢ СӘТСІЗ АЙЛАСЫ

Қарусыздану туралы мәселе бүгін таңдағы ең көкейтесті шұғыл мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің бүкіл дүние жүзіндегі жүздеген миллион адамдардың шұғыл мүдделеріне қатысы бар. Міне сондықтан да дүние жүзі жұртшылығының Біріккен Ұлттар Ұйымының қарусыздану жөніндегі комиссиясының жұмыстарына зор ынта қоюы табиғи нәрсе.

Бұл комиссияның ұзаққа созылған жұмысы қарусыздану туралы мәселе де екі саяси бағыт бар екенін айқын көрсетті. Бірінші жағынан, совет ұсыныстарында бейнеленген Совет Одағының адал және дәйекті саясаты бар. Совет ұсыныстары атом қаруына және жаппай қырғынға ұшырататын қарудың басқа барлық түрлеріне сөзсіз тыйым салуды, бұл тыйым салуды жүзеге асыруға халықаралық қатаң бақылау қояды, сонымен қатар, бес ұлы мемлекеттің қару-жарақтары мен қарулы күштерінің, бір жыл ішінде, үштен бір бөлігін кемітуді көздейді.

Ал, дүние жүзінің миллиондаған қарапайым адамдары қолдап отырған бұл саясатқа батыс мемлекеттердің саясаты қарсы шығып отыр. Бұл саясат іс жүзінде комиссияның

тердің жаңа ұсыныстары Англия үшін 800 мың адам дәрежесінде, яғни кәзіргі уақытта болып отырған дәреженің өзінде қалдыруды белгілейді. Франция жөнінде де жағдай дәл осындай — Франция үшін тіпті ешқандай қысқарту ұсынылмайды да. «Қосымша ұсыныстардың» екіжүзді сыпаты бар екені және жұртшылық пікірін адастыруды ашықтан-ашық көздейтіні айқын.

Бірақ, барлық елдердің халық бұқарасы соғыс өртің тұтандырушылардың тіміскілеген әрекеттерін қырағылықпен қадағалауда, Батыс мемлекеттердің билеуші топтары қандай айла-тәсіл жасап, бұлтартса да, өздерінің қарусыздану ісінің қас жаулары екенін халықтардан жасыра алмайды.

БЕЙІТШІЛІК ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ ҰРАНЫМ

Құрама Штаттарда президент сайлауы жақындап келеді. Кәзіргі сайлау науқанына прогресшіл партияның белсене қатысуы осы сайлаудың ерекше бір сыпаты болып табылады.

Быйылғы жылы июльде өткізілген съезде прогресшіл партия сайлау программасын қабылдады. Американың миллиондаған қарапайым адамдарының шұғыл мүдделерін білдіре келіп, прогресшіл партия өз программасында Кореядағы соғыстың тоқтатылуын, Германияны қайта қаруландыруды тоқтатып, біртұтас, бейбітшілік сүйгіш Германия құру туралы Совет Одағымен келісімге келуді талап етеді. Оның программасында атом қаруына тыйым салу және жаппай қарусыздануды жүргізу туралы талап қойылған. Прогресшіл партия барлық халықаралық талас мәселелерді бейбітшілікпен шешу үшін бес ұлы мемлекеттің конференциясын өткізуге шақырады.

Ішкі саясат саласында прогресшіл партияның программасы жалақыны арттыруды, жұмысшыларға қарсы бағытталған Тафта-Хартли заңын және басқа реакциялық фашистік заңдарды жоюды, нәсілді қорлаушылықты жоюды көздейді.

Америка халқының өмірлік мүдделеріне жауап беретін бұл программа прогресшіл партияның белінін тез артуына көмекте-

барлық жерде бірдей деуге болмайды. Мысалға, Соколов және Петропавл аудандарын алайық. Өткен оқу жылы Соколов ауданындағы насихатшылардың 40 процентінің, Петропавл ауданындағы насихатшылардың 25 процентінің білім дәрежелері ортадан төмен болды. Ал, Петропавл ауданында бастауыш мектеп көлемінде ғана білімі бар 5 алам үйірмеде насихатшы болып істеді. Бұл аудандарда үсіміздегі жылы да насихатшы кадрларды дайындаудың барысы мүлдем қанағаттанғысыз.

Соколов және Петропавл аудандарында партия оқу орындарын білім дәрежесі жеткілікті насихатшылармен толықтыруға

дастарға үнемі көмектесіп отыруға міндетті. Өздігінен оқытын бірнеше адамға арнаулы консультант тағайындаулары керек. Айта кету керек, өткен жылы кейбір партия ұйымдары өздігінен оқушылардың қатарына дайындығы жеткіліксіз адамдарды қосып, оқу үстінде елеулі кемшіліктердің орын алуына жол берді. Кейбір жерлерде өздігінен оқушылардың оқуы дұрыс ұйымдастырылмады. Мәселен, Филиппас жолдас (Булаев ауданы) алдымен В. П. Лениннің Советтердің Бүкілроссиялық III съезінде сөйлеген сөзін, одан кейін «Коммунист партиясы манифесін» және Лениннің «Халық достары» дегендер кім-

Олар съезд материалдарын терең оқып үйреніп, саяси мектептер мен үйірмелердің тыңдаушыларына, сонымен қатар, еңбекшілер бұқарасына жете ұғындыра біулері керек.

Жергілікті партия ұйымдары жаңа оқу жылына әзірлікті үлгілі ұйымдастырумен бірге, оқу жылының ойдағыдай аяқталуына барлық жағдайды жасауға және насихатшыларды іріктен алу, дайындау, дұрыс орналастыру және оларға көмек көрсету ісіне үнемі басшылық етіп отыруға міндетті. Сонда ғана партия оқуы орындарында оқудың нәтижесі аяқталуына жетісе аламыз.

Съезд алдындағы документтерді оқып үйренуде

Буденный атындағы колхоздың (Соколов ауданы) үгітшілері егіс бригадалары мен мал фермаларында және басқа жұмыс участоктеріндегі колхозшылар арасында партияның XIX съезіне арналған документтерді оқып, әңгімелер өткізуде.

Колхозшылар жаңа бесжылдық жоспарды колхозды деревняны онан әрі өркендетудің ірі қадамы ретінде зор қуанышпен қарсы алуда. Колхозшы Сорокин жолдас былай деді:

— Партияның XIX съезі еліміздің өміріндегі зор оқиға. Бесінші бесжылдықтың жоспары елімізде коммунистік қоғам орнату мерзімін жақындатады. Сондықтан біз, колхозшы шаруалар, жаңа бесжылдықтың міндеттерін жүзеге асыру үшін стахановша еңбек етіп, табыстан-табысқа жете береміз.

Колхозшылар сөзіне берік. Олар егін жыйнау жұмысын ойдағыдай ұйымдастырып, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі соңғы бескүндік тапсырманы артығымен орындады.

ҮГІТШІЛЕР ӨЗАРА ПІКІР АЛЫСТЫ

Жақында РК(б)П Совет аудандық комитеті үгітшілердің аудандық кеңесін өткізді. Кеңесте егінді деркесінде, ысырапсыз жыйнау алуда және астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауда үгітшілердің алдында тұрған міндеттер туралы РК(б)П аудандық комитетінің секретары Е. Штина жолдас баяндама жасады.

Баяндамадан кейін үгітшілер егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстың тәжірибесі жөнінде өзара пікір алысты. Мұнда «Колос» колхозының үгітшісі Т. Лященко жолдасның пікірі назар аударарлықтай болды.

«Колос» колхозының комбайншылары Дегтярева және Артыс жолдастар жұмыстың алғашқы кезінде машиналардың қуатын толық пайдалана алмады. Мұны Лященко жолдас кезінде көріп, оларға зор көмек көрсетті. Егінді ысырапсыз әрі тез жыйнауадағы әдістерін айтты.

Сол сыяқты, кеңесте Молотов атындағы, Ленин атындағы және Шағлы астық совхоздарының үгітшілері Қ. Зағыпаров, М. Мұхаметалин, Шәленов жолдастар да тәжірибелерін ортаға салды.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Колхоз партия ұйымының есебі

РК(б)П Преснов аудандық комитетінің бюро мәжлісінде партия ұйымының жұмысы туралы Берия атындағы колхоз партия ұйымының секретары Свичинский жолдасның баяндамасы тыңдалды.

Бюро мәжлісі колхоз партия ұйымының жұмысындағы кейбір жетістіктермен бірге, орын тепкен кемшіліктерді атап көрсетті. Колхоз партия ұйымы жер шаруашылығының мәдениетін онан әрі арттыру, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендете беру, артель Уставын бұзшылармен қатаң күрес жүргізу жөніндегі жұмысты жеткіліксіз ұйымдастырып келеді. Колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстырылмайды.

Бюро мәжлісі партия ұйымының секретары Свичинский жолдастан колхоз басқармасының жұмысына партия бақылауын жақсартуды талап етті. Сонымен бірге, бюро мәжлісі атап алынған колхоз ұйымында партия-саяси жұмыстың жайын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

Австрияда жұмыс істеуіне тыйым салу туралы да ешнәрсе айтылмайды. Сайып келгенде, бұл жобадан Австрияның қорғаныс мақсаттары үшін өзінің ұлттық қарулы күштерін құру правосы сыяқты маңызды мәселе жөнінде де тук айтылмайды.

Совет үкметі өзінің нотасында былай деп мәлімдеді: батыс мемлекеттер ұсынып отырған жоба «шын мәнісіндегі тәуелсіз және демократиялық Австрия мемлекетін қалпына келтіруге көмектеспейді және төрт мемлекеттің арасындағы келісімдерге сай келмейді». Осыған байланысты, өзіне алған халықаралық міндеттемелерді бұлжылтпай орындайтын Совет үкметі, Австриямен мемлекеттік договордың толық дерлік келісілген жобасын әзірлеуді аяқтауға өзінің дайын екенін білдіреді, сонымен қатар, батыс мемлекеттерінің «қысқартылған договор» жөніндегі өз ұсыныстарын қайтарып алуын талап етеді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА КОММУНИСТІК ГАЗЕТТЕРДІ КОНФИСКАЦИЯЛАУ

БЕРЛИН, 27 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Аденауэр үкметінің бұйрығы бойынша полиция кеше Киль, Гамбург және Бремен қалаларында «Норддэйчес эхо», «Гамбургер фольксейтунг» және «Трибуне дер демократи» газеттерін «Герман Демократиялық Республикасында социализм орнату» деген зағоловокпен мақала жариялағаны үшін конфискациялаған.

кезінде әшкереленген осы жағдай батыс мемлекеттеріне және «қосымша ұсынып итермеледі. Бірақ, «осы ұсыныспен таны ұсыныста ешқандай бұл ұсыныстың іс жүзінде қарулы күште қан дәрежесінде қанда көздейтінін көрем

Қарусыздануға қарсыласын әшкерелей келеді. Ұйымының қарусызданысындағы совет өкілі екі мысал келтірді: үштен бірін қысқарту ұсынысының мәнісі, қарулы күштерді, шақысқарту, сөйтіп бұқараны шамамен 600 етіп қалдыру деген с

Партияның өзгертілген газетіміздің 23 жарияланған тексті мен оқуды сұраймын

1) 5-тармақтың «Тиядан шыққандар партияның онжылды деп, әрі қарай текс

2) 46-тармақтың орнына, «Округте өлкелердің, республика қарай текс бойын

3) 60-тармақтағы дандық партия ұйымы бақылап отырады»
4) 66-тармақ: «С

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«БИ МҰҒАЛІМІ»

(1-сериясы).

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ кинот

«КІШІ»

Сеанстар сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет